

ТҮСІНІК ХАТ

"Шетел әдебиеті" (Батыс Еуропа және Америка елдерінің әдебиеті) пәнінің типтік бағдарламасы университеттегі роман-герман филологиясы факультетіндегі "050210-Шетел филологиясы" мамандығын бойынша бакалавр дайындауға арналады. ҚР жоғарғы оқу орындарының кредиттік білім беру жүйесіне ауысуына және де бұрынғы маркстік-лениндік әдебиеттану идеологиясы диктатынан бас тарту нәтижесінде осы пәнді жүргізу әдіснамасын КСРО аумағында радикалды түрде қайта қарастыру қажеттілігімен осы жаңа типтік бағдарламаны жасау қажеттілігі туындап отыр.

Батыс Еуропаның қазіргі заман әдебиеті өзінің бастауын антикалық әдебиеттен, яғни Көне Греция мен Рим әдебиетінен алады. Сондықтан «Көне дәуір әдебиеті (Пропедевтика: Ежелгі Греция мен Рим әдебиеті)» курсы "050210-Шетел филологиясы" мамандығын бойынша бакалаврларды кәсіби дайындауда жалпы және жеке тіл білімі және үйретілетін шет тілімен қатар кәсіби бағытталған пәндердің бірі болып табылады. Антикалық әдебиет курсы гуманитарлық бағыттағы орта білім беру орындарында филология саласы бойынша шет тілі мен шетел әдебиеті пәнінің оқытушысын немесе ғылыми мекемелерде кіші ғылыми қызметкер-филолог ретінде өзінің кәсіби қызметін атқара алатын маман дайындау мақсатын алға қояды. Ол үшін «Көне дәуір әдебиеті (Пропедевтика: Ежелгі Греция мен Рим әдебиеті)» курсы студент-филологтарға барынша толық және терең білім беру және қабілетін қалыптастыру міндеттерін өз алдына қояды:

а) білуі қажет:

- екі көне дәуір әдебиетінің (Көне Греция және Рим) әр қайсысының өзіндік ерекшеліктерін
- екі көне дәуір әдебиетінің әр қайсысының пайда болуының хронологиялық кезеңдерін және олардың дамуын;
- көне дәуір әдебиеті үшін және Батыс Еуропа әдебиеті үшін де ең маңызды шығармаларды;
- көне дәуір кезеңінде пайда болған негізгі әдеби жанрларды;
- Көне Грек әдебиетінде пайда болған түрлер мен жанрлардың римдік әдебиет тарапынан игерілуі кезіндегі негізгі түрленімдерін;

б) істей алуы керек:

- әдеби шығармалардың үзінділерін ғана емес, оларды толықтай оқу;

- белгілі бір тақырып бойынша мәліметтерді оқулықтармен қатар арнайы сыни әдебиеттерден де өз бетінше тауып қолдану;

- әдебиеттанулық зерттеулердің алғашқы кезеңі барысында көркем шығармаға талдау жасау;

- әдебиеттану терминологиясын дұрыс пайдалана білу;

Көне дәуір әдебиеті (Пропедевтика: Ежелгі Греция мен Рим әдебиеті)» курсы мына пәндерден **бұрын оқытылады:** әдебиеттануға **кіріспе**, классикалық филология, философия.

Аралас пәндер: негізгі шет тілі, арнайы филологияға кіріспе, тіл біліміне кіріспе.

«Көне дәуір әдебиеті (Пропедевтика: Ежелгі Греция мен Рим әдебиеті)»

курсынан **кейін оқытылатын пәндер:** әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, VI-XX ғғ. шетел халықтарының әдебиеті.

Жоғарғы оқу орындарының студенттің өзіндік жұмысына негізделген саяси бағдары «Көне дәуір әдебиеті (Пропедевтика: Ежелгі Греция мен Рим әдебиеті)» пәні бойынша терең әрі жан-жақты білім алуға кемегін тигізері анық. СӨЖ тақырыбы мен бақылау түрлері, ОСӨЖ және лекциялық курстың тақырыптарын әр университет осы типтік бағдарлама негізінде анықтайды. Мұнда СӨЖ ең мүмкін деген тақырыптары жұлдызшамен белгіленген және ұсынылатын семинар тақырыптарының тізімі берілген. Алайда СӨЖ материалды дәл қайталауға жол бермейді, осылайша бағдарламалық минимумның толық көлемде жүзеге асуына мүмкіндік жасайды.

Бүгінгі таңда СӨЖ-дің коммуникативті және интерактивті болуы талап етіліп отырғандықтан, СӨЖ-ді ұйымдастыру мен бақылау түрлерінің дәстүрлі түрлері креативті сипаттағы жаңалықтармен толықтырылып отыруы тиіс.

Пәннің мазмұны **Антикалық әдебиет**

Кіріспе: мәдени-тарихи дәуірлер туралы түсінік. "Антикалық әдебиет" ұғымы, оның мәні, мазмұны мен құрамы.

Ежелгі грек әдебиеті. Ежелгі грек әдебиетінің пайда болуы. Ежелгі грек әдебиетін кезеңдерге бөлу. Мәтіндер: ежелгі Грецияның қолжазба мұраларын сақтау және оны оқып-үйрену мәселесі. Ежелгі грек әдебиеті эволюциясының эллиндік немесе классикалық кезеңі және бірін-бірі ауыстырған үш негізгі әдеби жанрдың пайда болуы: эпос,

лирика, драма. **Эпос.** Эллиндік немесе классикалық кезеңде пайда болған әдебиеттегі үш жанрдың алғашқысы болып табылады. Онын негізгі жанрлық принципі, Гомерлік эпостар "Илиада" мен "Одиссей" - ежелгі грек әдебиетінің эпикалық поэзиясының шыңы ретінде. Киклдық поэмалар. Эпикалық поэзияның эволюциясы, оның "ұсақталуы". "Гомерлік гимндер". Пародиялар мен дидактикалық эпикалық поэзияның пайда болуы: Гесиодтың "Жұмыстар мен күндері». Гесиодтың «Теогониясы» және мифологиялық аңыз-хикаяттарды жүйелеу.

Лирика. Ежелгі грек лирикасының көне түрлері: элегия және ямб. Архилох, Каллин Эфеский, Тиртей, Солон - элегиялық және ямбылық поэзияның көрнекті авторлары. *Меликалық поэзия.* Алкей, Сапфо, Анакреонт - ежелгі грек әдебиетіндегі монодиялық меликалардың ең көрнекті авторлары. *Хор лирикасы,* оның негізгі түрлері: әнұрандар, пеандар, дифирамбылар, гипорхермалар, парфенилер т.б. **Пиндар** және эпиникия жанры.

Драма. Оның пайда болуы мен негізгі түрлері: трагедия, сатиралық драма, комедия. *Трагедия* және оның құрылымы. Эсхил - "трагедия атасы". Эсхилдың драматургиялық мұралары. Эсхил туындыларындағы трагикалық тартыс: Эсхилдағы қаһарман мәселесі, Эсхил трагедияларындағы хор, тілі мен стилінің ерекшеліктері, "трагикалық ирония". **Софокл.** Софоклдың сақталған трагедиялары, "Эдиподия" - Софокл шығармашылығындағы қаһарман мәселесі, «трагедиялық ирония», қаһарман және тағдыр. Хордың рөлі. Софокл трагедияларының тілі мен стилі. **Еврипид.** Еврипидтің сақталған трагедиялары және оның мұраларының тағдыры. Жеке тұлғаны, оның ішкі қарама-қайшылығын және жеке ұмтылыстарын сомдау; еврипидтік трагедиялардағы "тұрмысты" мәселесі: Еврипидтің соңғы трагедияларында қайғылы қақтығыстардың жоғалуы. "Машинадағы құдай" тәсілін пайдалану.

Сатиралық драма, оның мағынасы.

Комедия. Ежелгі аттикалық комедия, онын пайда болуы мен құрылымы. **Аристофан** - комедия атасы. Аристофан шығармалары, олардың композициясы, тақырыбы мен жанрлық ерекшеліктері. Аристофан комедияларындағы комедиялықтың табиғаты. Ортааттикалық комедия, онын ерекшелігі. Жаңааттикалық комедия, оның құрылымы, сюжет типі, кейіпкерлері, комикалық сипаты. Менандр комедиялары. Аристотельдің "Поэтикасында" ежелгігрек әдебиетінің негізгі түрлеріне талдау жасау.

Антикалық роман және оның түрлері. Лонгтың буколикалық романы "Дафнис пен Хлоя". Онын мәні мен

тағдыры.

Рим әдебиеті. **Ежелгі рим әдебиеті (б.з.д. Шғ. ортасы мен ІІг. ортасы)*. Римнің алғашқы ақындары (Ливии Андроник, Гней Невий); *алғашқы көркемдік кезең, *римдік эпос; *трагедиялар, *комедиялар (паллиата - плащ комедиясы, тогата - тога комедиясы); *сахналық ойындарды ұйымдастыру; *римдік театр, *актерлар мен көрермендер. **Плавт** пен **Теренций** комедиялары.

Республиканың соңғы ғасырындағы әдебиет (б.з.д. ІІғ. ортасы—Іғ. ортасы). Ескі әдеби жанрлардың құлдырауы мен жаңа жанрлардың көтерілуі. Римдік сатираның дамуы (сатура). *Луциллий сатиралары. *Саяси және соттық шешендік өнердің дамуы. **Цицерон**. Тарихты жазу. ***Цезарь**, оның саяси және әдеби қызметі. Лукрецийдің "Заттардың табиғаты туралы" философиялық поэзиясы. *Неотерик-ақындар. **Катулл**.

Империя дәуірінің әдебиеті (рим әдебиетінің алтын ғасыры — б.з.д. І ғ. екінші жартысы - б.з.д. І г. басы). "Август ғасырындағы" рим қоғамы. Саяси шешендік декламациясының құлдырауы; әдеби үйірмелер (Меценат). Вергилий шығармашылығы: "Буколики", "Георгики" шығармаларының жанрлық ерекшеліктері. "Энеида" - Гомерлік эпосқа қатысы, Вергилий жаңашылдығы. Әр ғасырдағы Вергилийдің әдеби тағдыры. Гораций: өмірі мен шығармаларының негізгі кезеңдері. "Эподтар"- жанр дәстүрі мен римдік болмысқа қатынасы. "Сатиралар" шығармасының мазмұн ерекшелігі, әдісі мен стилі. "Одалар"- кітаптар хронологиясы. Оның грек әдебиетімен байланысы, құрылымы мен метрикалық өзіндік ерекшелігі. **Гораций** -теоретик және әдебиет сыншысы: Горацийдің "Жолдауы". "Писондарға жолдау" шығармасы - батысевропалық әдебиеттегі классицизм эстетикасының алғашқа хабаршысы.

*Тибулл мен Проперций элегиялары. **Овидий**. Шығармашылығының негізгі кезеңдері. Овидийдің махаббат тақырыбына арналған; "Махаббат ғылымы", "Махаббаттан айықтырар дәрі" өлеңдері, олардың поэтикасы. Овидийдің мифологиялық поэмалары: "Метаморфозалар", "Фасттар". Овидийдің қуғындалуы. "Мұңды элегиялар", "Понттан келген хаттар". Овидийдің әдеби тағдыры. Тит Ливии.

Кейінгі кезең (Рим әдебиетінің күміс ғасыры — б.з.д. 1-11 гг.). Юлий мен Клавдийлер дәуірі. **Сенека** және стоицизм. Сенеканың хаттары мен пәлсапалық трактаттары. Сенека трагедияларының жанрлық ерекшеліктері.

*Петронийдің "Сатирикон" шығармасы. *Петроний және европалық айлакерлік роман. *Федр мысалдары. *Флавий лоне

Траяндар дәуірі. Квинтилиан. Үлкен Плинийдің "Табиғи история/(оқиға)" шығармасы мен оның ортағасырлық мәдениет үшін маңызы. *Кіші Пленийдің "Хаттар" шығармасы. *Марциал мен Ювенал сатиралары. Тациттің "Тарих" және "Анналдар" шығармалары.

Ең соңғы кезең (б.з.д. II г. соңы мен V г). Светонийдің "Цезарлар емірін суреттеу" шығармасы. *Апулейдің "Метаморфозалары" ("Алтын есек").

Латын тіліндегі жазба әдебиет, оның ертеортағасырлық мәдениеттегі ролі. Ежелгі грек және батыс европалық әдебиеттері арасындағы рим өдебиетінің делдалдық маңызы.

"ЕЖЕЛП ДҮНИЕ ӘДЕБИЕТІ (ПРОПЕДЕВТИКА: ЕЖЕЛП ГРЕЦИЯ ЖӘНЕ РИМ ӘДЕБИЕТІ)" КУРСЫ БОЙЫНША СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ҮЛГІ РЕТІНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

А) Ежелгі грек әдебиеті

Гомер поэмаларының поэтикасы
Саффо, Алкей, Анакреонт поэзиясы
Ежелгі грек театры мен драматургиясы

Б) Рим әдебиеті.

Ежелгі рим әдебиеті. Плавт пен Теренций комедиялары.
Республиканың соңғы ғасырындағы Рим әдебиет (Б.з.д. Iғ. ортасы мен Iк. ортасы.) Цицерон, Лукреций, Катулл-
Рим әдебиетінің алтын ғасыры, (б.з.д, I ғасырдың екінші жартысы мен б.з. I ғасырдың басы).

Кейінгі кезеңдегі және ең соңғы кезеңдегі рим әдебиеті (б.з. I-Үғғ.)

Сенека, Светоний, Апулей.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

СӨЖ үлгі тақырыптарының тізімі Типтік бағдарламаның мәтшінде жұлдызшамен (*) белгіленген.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Көркем әдебиет Ежелгі грек әдебиеті

Гомер. Илиада. / Н.И.Гнедичтің ауд. М.;Моск. Рабочий, 1981.

448 б. (кез-

келген басылымы).

Эсхил. Трагедиялары. М.: Өнер, 1978, 367 б.

Софокл. Трагедиялары. М.; Өнер, 1979, 456 б.

Еврипид. Трагедиялары. 2 том. М.: Өнер, 1980, Т.1,2.

Аристофан. Таңдамалы комедиялары. М.: Көркем әдебиет, **1974,4936.**

Платон. Диалогтар. М.: Мысль, 1986, 5836.

Аристотель. Поэтика // кез-келген басылымы.

Антикалық роман б.з.І-Зғ. (Ахилл Татий, Лонг, **Петроний, Апулей). М.:**

Көркемәдеб. 1969,5906.

Рим әдебиеті

Тит Макций Плавт. Комедиялары: 2т. М.: **Өнер**, 1987, т.1,2.

Катулл. Тибулл. Проперций. М.: Керкем әдеб., 1963, 5026.

Цицерон. Шешендік өнер туралы үш трактат. **М.:** Ғылым, **1972**, 4716. Вергилий. Буколикилер. Георгиктер. **Энеида. М.:** **КврЖем едеб.**, 1979, 5486.

Квинт Горацій Флакк: Одалар. Эподтар. Сатиралар.

Жолдаулар. **М.; Квркем**

әдеб., 1970,478 б.

Публий Овидий Назон. Махаббат элегиялары.

Метаморфозалар.

Луций Анней Сенека. Трагедиялары. М.: Ғылым, 1983. 4296.

Апулей. Апология. Метаморфозалар. Флоридтер. **М.:КСРО ҰА басп., 1959.**

432 б.

Ғылыми әдебиет

История всемирной литературы. - М.: Наука, 1987. Т.1

Радциг С.Н. История древнегреческой литературы. - М келген басылымы)

Тахо-Годи А.А. Античная литература. - М.: Высшая, 1973

Тройский И.М. История античной литературы. - М.: Высшая школа (кез

келген басылымы)

Қосымша әдебиеттер

Антикалық шешендер. М.; ММУ,1978.

Козаржевский А.Ч. Антикалық шешендік өнер. М.: ММУ, 1980.

Покровская З.А. Антикалық философиялық эпос. М.: ММУ, 1979.

Ярхо В.Н., Полонская К.П. Антикалық комедия. М.: ММУ,1979.

Ярхо В.Н., Полонская К.П. Антикалық лирика. М., 1979.

Ярхо В.Н. Антикалық трагедия. М., 2003

Құрастырған:

1. Людина О.Е. - ф.ғ.д., профессор

Рецензенттері:

1. Ф.Ф.К., профессор Исмаилова Ф.Е.

2. Ф.Ф.Д., профессор Мучник Г.М.

